



• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

Сенім мен сабақтастық салтанаты

Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша жалпыхалықтық референдум мәреге жетті. Яғни, саяси қайта қалыптасуға қатысы жоқ, жалпы есеп бойынша ел тарихындағы төртінші референдум «Бізге атом энергиясы қажет па, жоқ па?» деген сауалдың нүктесін қойды. Енді, дауыс беру нәтижесі АЭС құрылысының болашағын анықтайды. Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясы дауыс беру құқығы бар 12 284 487 адамның 7 820 204-і өз таңдауын жасағанын хабарлады. Ал, Қарағанды облысы бойынша 764 115 адамның 548 952-і референдумға қатысты. Бұл ретте алдын ала деректер бойынша облыстың 345 434 тұрғыны АЭС құрылысына келісін білдірсе, 161 408-і қарсы екенін көрсеткен. Жалпы, 5 561 937 қазақстандық «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?» деген жалғыз сұраққа «иә» деп жауап берді. Түпкілікті шешім референдум өткеннен кейін аумақтық комиссиялар дауыс санағаннан кейін, 2 күн ішінде хаттамалардың түпнұсқаларын Орталық референдум комиссиясына жеткізгеннен кейін белгілі болады.

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Референдум заң аясында өтті

Жалпы, облыс тұрғындары өзге өңірлермен салыстырғанда дауыс беруде белсенділік танытқанын айту керек. Мәселен, Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерманның 6 қазан, сағат 10:00-дегі жағдай бойынша таратқан мәліметіне сәйкес, қарағандылықтардың 30,63 пайызы өз таңдауын жасаған. Бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш.

6 қазан, референдум күні сайлау учаскелері өз жұмысын дәл сағат 7:00-де бастады. Алайда, бір сағат бұрын, яғни, 06:00-де ашылғандар бар. Бұл – әскери бөлімдер, вахталық кенттер және ауылдық кесте бойынша жұмыс істейтін адамдар тұратын бірнеше учаскелер. Жалпы, республика бойынша учаскелердің көбі Қарағанды облысында орналасқанын айту керек. Яғни, Қарағанды, Шахтинск, Теміртау, Қарқаралы және Нұра аудандарындағы 10 учаскеге қарасты дауыс берушілер таңдауларын сағат жетіге дейін жасап үлгерді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та облыс орталығының Кеншілер мәдениет



Сурет ашық дерекөзінен

сарайындағы №17 учаскеде АЭС құрылысына қатысты дауысын берді.

Сондай-ақ, референдум учаскелері ашылмастан келіп, дауыс беруге асыққан тұрғындар да бар. Қарағанды қаласындағы №31 референдум учаскесінің төрағасы Саян Жекебаев осылай дейді.

– Учаске ашылмастан келген дауыс берушілер таңдауларын жасап жатыр. Халық белсенділігі жақсы екенін байқауға болады, – дейді ол.

Референдум барысын қадағалаған халықаралық байқаушылар да бәрі заң жүзінде өткенін мәлімдеді. ТМД байқаушылар комиссиясының мүшесі Дмитрий Михайлов алты учаскеде болғанын айтады.

– Біз барған учаскелердің ешқайсысының жұмысына ескерту жасалған жоқ. Бәрі заң аясында өтіп жатыр. Ауылдық және қалалық жерге бақылау жүргіздік. Таңдау жасаушылардың қатары қалың. Көңіл күйлері де тамаша. Жас ерекшеліктері әркілі, – деді ол.

Өңірлер референдумда белсенді

Шет ауданында 51 референдум учаскесі болса, дауыс беру құқығына 23 830 адам ие екенін айту керек. Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Берікбол Дәулетұлының айтуынша, ауданда қарасты учаскелердің барлығы сағат 7:00-де ашылып, өз жұмысын бастаған.

– Еліміз үшін маңызды шешім қабылдау мақсатында аудан тұрғындары бүгін ерте тұрды. Оны бүгінгі дауыс беруге келген адамдардан аңғаруға болады. Учаскелер талапқа сай жабдықталып, комиссия құрамдары бекітілген. Тіпті, алғашқы болып дауыс бергендерге сый-сияпат та жасалды, – деді Берікбол Дәулетұлы.

► 2-бет



Бәрі де болашақ үшін

Қазақстанда атом электр станциясының құрылысы жөніндегі референдум еліміздің энергетикасын дамыту тарихындағы маңызды қадам болғаны сөзсіз. Дауыс беру қарқыны халықтың аталған тақырыпқа зор қызығушылығы мен айқын әрекетін дәлелдейді. Бұл маңызды мәселенің азаматтар үшін де, келісті келешегіміз үшін де мәні терен екендігі ақиқат!

Ендігіде референдум қорытындысы негізіндегі қабылданар тағдыршешті шешім Қазақстанның ұзақ мерзімді энергетикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы үшін берік негіз қалайды. Электр энергиясын тұтынудың өсуі және көміртегі шығарындыларын азайту қажеттілігі жағдайында атом электр станциясы елдің энергия балансының негізгі элементі бола алады. Бұл өз кезегінде Қазақстанның халықаралық аренадағы жасыл энергетикадағы көшбасшы ретіндегі ұстанымын нығайтып қана қоймай, ел ішінде технологиялық және экономикалық өсу үшін жаңа мүмкіндіктер жаратады.

Дегенмен, бұл белесті ойдағыдай бірлікте өткеру аса жоғары жауапкершілікті талап етеді. Осы орайда қандай шешім қабылданса да, алдымен барлық халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен экологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету, азаматтарды әрі қарай да энергетикалық көкжиегіміздің кеңеюі жолындағы негізгі кезеңдерін талқылауға белсенді тарту қажет деп ой қорытамыз. Қоғамның сенімі мен қолдауы – бұл бастаманың сәттілігінің маңызды құрамдас бөлігі.

Осылайша, референдум жай ғана дауыс беру емес, Қазақстанның энергетикалық егемендігі мен орнықты болашағы екендігін естен екі елі шығармау қажет екендігіне мән береміз!

Амиран МАХАМБЕТОВ,
қоғам белсендісі

Халық таңдауы қапы қалдырмайды

Елімізде АЭС салу бойынша өткен референдумда өз дауысының маңызы барын түсініген әр азамат дауыс беруден қалыс қалмады. Олар бұл саяси науқанның мәні зор деп білді. Билтұрдан бері осы тақырып төңірегінде түрлі деңгейде пікірталас жүріп, халық ақпараттанды. Соның бәрін ой елегінен өткізген қазақстандықтар өз таңдауын жасады.

Аймақтағы байқаушылардың айтуынша, референдум биік деңгейде өтті. Өңіріміздегі 650 референдум учаскелерінде заң бұзушылық тіркелген жоқ. Тәртіп, талапқа сай сағат 20:00-де сайлау учаскелері жабылып, 21:00-де учаскелерде отырған үкіметтік емес ұйымнан тір-

кегел байқаушылар жолдаған хаттамаларға жүгінсем, жерлестер елімізде АЭС салуды қолдайды екен. Демек, халық қарсы деген дақпырт шындыққа жанаспайды. Үкімет халыққа құлақ асып отыр.

Сонымен қоса, жақында ғана еншісін алып шыққан Ұлытау облысында үкімет-

тік емес ұйымдар әлі бекітіле қоймағандықтан өңіріміздегі ұйымдардан жібердік. Байқаушы болып, референдумның дұрыс өтуіне қадағалау жасап келді. Бұл да біз үшін қуаныш болды.

Референдум күні ауа райы да жадырап тұрды. Бұл да елге ерекше екпін берді. Сондай-ақ, бұл жолғы саяси науқанға отбасымен бірге келіп, дауыс бергендер көп болды. Яғни, мерекелік сипат алды.

Мұнымен қоса, ерекше азаматтар да дауыс беруге белсенді атсалысты. Өздеріне бекітілген учаскелеріне инватак-

симен келіп, жайдары көңіл күйде таңдауларын жасады. Біздің байқаушылар тобы елдімекендердегі референдум учаскелеріне арнайы барып, бақылады.

Қысқасы, біздің инновациялық аймаққа энергия көзі ауадай қажет. Халық та соны қолдап, таңдау жасағаны кемел келешекке сенгендері деп білемін.

Майра АБДРАХМАНОВА,
қоғам белсендісі,
«Parasat» ҚБ төрағасы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ұлы кәсіп иелері ұлықталды

Кеншілер мәдениет сарайында Ұстаздар күніне арналған «Қалдырған ізін мәңгілік» мерекелік концерті өтті. Шара шымылдығын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашып, мереке иелерін құттықтады. Кәсіби мереке аясында қарағандылық мұғалімдерге құрмет көрсетілді. Бұл күні ұстаздарға жылы лебізді құттықтаулар, гүл шоқтары, марапаттар, музыкалық шашу және тосын сыйлар болды. Салтанатты шара барысында әшкірт тәрбиелеумен 40 жыл айналысқан тәжірибелі маман Жәмила Ахмадиева мен дене шынықтыру мұғалімі Владимир Бородастовқа екі бөлмелі пәтер кілті табысталды. Бұл қос ұстазға күтпеген мерекелік сый болды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қадірменді ұстаздар жылдар бойы қалыптасқан тамаша дәстүр бойынша кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Жыл сайын білім беру жүйесіне 600-ге жуық жас педагог келеді. Олардың арасында облыстық бюджет есебінен білім алатын түлектер бар. Биыл облыс бюджетінен педагогикалық мамандықтарға 20 грант бөлінді. Оның 50-ден астамы жоғары оқу орындарын бітіріп, білім мекемелерінің ұжымдарын толықтырды. Барлық мұғалімдерге денсаулық, күш-қуат, шабыт,



оқуда үлгерімді оқушылар және сіздердің асыл миссияларыңызға жаңа табыстар тілеймін! – деді Ермағанбет Бөлекпаев. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы комиссия құрылып, пәтер кезегінде тұрғандардың тізімі мұқият талданғанын айтты. Жәмила Ахмадиева «Бақыт» балабақшасында жұмыс істейді. Бірақ, заң бойынша зейнеткерлікке шыққаннан кейін ол 20 жылға жуық тұрған тұрғын үй кезегінен шығарылған екен.

– Бұған дейін ұлым екеуіміз жалдамалы пәтер жағалап жүр едік. Оның жырын өздеріңіз білесіздер. Жыл сайын

көшу-қону. Қазір менің төрт немерем бар. Өзім зейнеткермін. Бірақ, өз жұмысымды сүйгендіктен жалғастыра беремін. Бұл оқиға, шынымен де, менімен болып жатқанына әлі сенбеймін. Менің енді қос бөлмелі өз үйім – өлең төсегім бар. Эмоцияларыма шек жоқ. Менің арманымды жүзеге асырғандардың барлығына рахмет, – деді тәрбиеші Жәмила Ахмадиева.

Расында, еңбек өтілін бүлдіршіл тәрбиелеумен бастап, сол еңбегін ақырына дейін жеткізіп, жұмысын сүйер жан ілуде-шалу. 40 жылдық тәжірибе біршама әшкірттің алғысы екені айдан анық.

Десек те, тек еңбек өтілі мен көпжылдық тәжірибесі болмаса да, білгірлігімен ізденімпаздық адамды алға сүйрейді емес пе?! Владимир Бородастов – балалар үйінің түлегі еді. Ол балалар үйінен соң бірден тұрғын үй кезегіне тұрған. Мереке қарсаңында баспаналы боларын жас ұстаз күтпесе керек.

– Мен өте бақыттымын! Келіншегім де мұғалім. Біз бір ұл тәрбиелен отырмыз. Тағы да жарымның аяғы ауыр. Дүниеге келер сәбиімің несібесі шығар. Шыны керек өз пәтеріміз болады дегенге сенбес едім. Құрметті қазақстандықтар біле жүріңіздер, үміттер ақталады, армандар орындалады. Өйткені, бұл – Қазақстан, – деп бөлісті ол.

Сонымен қатар, аймақ басшысы тағы бес педагогқа «Қарағанды облысының білім беру саласының құрметті педагогтары» төбелгілерін табыс етті. Облыстық ерекшелік белгісі бірнеше жыл бұрын мұғалімдер еңбегінің беделін арттыру үшін құрылған. Оған 1,5 млн теңге көлемінде ақшалай сыйақы қоса беріледі.

Мерекеде мерейі тасып, мейманы асқан төбелгі иегерлерінің бірі – Шет ауданы Өспен ауылының математика пәнінің мұғалімі Гүлбаршын Қошқарбаева. Ұстаз 40 жылдан астам өмірін осы мамандыққа сарп еткен. Бүгінде әшкірттері – аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары атанған.

Ұстаздар құттықтаулар мен сый-сияпатқа дән риза.

Суретті түсірген
А.МАРЧЕНКО

Баспасөз – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАПА (теңге)	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Сенім мен сабақтастық салтанаты

(Соңы. Басы 1-бетке)

Ал, Ақадыр кентінде орналасқан №736 учаскеде алғашқы болып 77 жастағы Нарбай Куланов таңдауын жасады.

Референдум болады деп, таңертең ерте тұрып, дауыс беруіге келдім. Мен үшін бүгінгі күн ерекше маңызды. Сондықтан, жерлестерімді бейжай қарамауға шақырамын, – деді Нарбай Куланов.

Ақтоғай ауданының тұрғындары да референдумда белсенділік танытты. Бұл жергілікті халықтың ел үшін қабылданатын шешімге бейжай қарамайтындығын көрсетеді. Ақтоғай аудандық референдум комиссиясының төрағасы Алтай Баймағанбетұлы республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі мәселелер бойынша аудандық референдум комиссиясы кезекті отырысын өткізіп, тиісті шешімдерді уақытында қабылдағанын айтты.

– Науқанға 39 референдум комиссиясы қатысады. Оның ішінде 1 аумақтық және 38 учаскелік референдум комиссиясы қамтылып, барлығы 213 комиссия мүшелері жұмылдырылған. Ақтоғай аудандық референдум комиссиясы кезекті отырысында комиссия құрамымен және мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту мәселелері пысықталды. Нәтижесінде облыстық, аудандық референдум комиссияларының қатысуымен оқу офлайн форматта қалыптасқан оқытудың каскадты әдісін тұрақты негізде қолдана отырып ұйымдастырып өткізу бағытында тиісті жоспар бекітілді. Осы аталған оқу-семинарлары облыстық сайлау комиссияларының қатысуымен және аудандық референдум комиссияларының қатысуымен ұйымдастырылып өткізілді, – деді Алтай Баймағанбетұлы.

Сонымен қатар, комиссия мүшелері мен бақылаушылар референдумды ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығы мен қатысушылар белсенділігін атап өтті.

Қарқаралы ауданындағы барлығы 51 референдум учаскесінде дауыс беру күнтізбелік жоспарға сәйкес өтті. Учаскелердегі референдум комиссияларының мүшелері қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жұмыс атқарды. Өз таңдауын жасауға келгендерге қажетті жағдай жасалған.

Ал, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен денсаулығына байланысты өтініш жазған жандар үшін арнайы қарастырылған дауыс беру жәшіктері олардың үйіне жеткізіліп, референдумнан ешкімнің тыс қалмауына барлық мүмкіндіктер жасалғанын айту керек.

Мәселен, Ақтерек ауылындағы №797 референдум учаскесі бойынша 103 жастағы қарт ана Шәмшибану Ақпарова өз шаңырағында отырып дауыс беріп, референдумға қатысты.

Ал, Егіндібұлақта тоқсаннан асқан Роза әже азаматтық ұстанымның үлгісін көрсетіп, осы ауылдағы №571 референдум учаскесіне өзі келіп, таңдауын жасады.

АЭС құрылысы сынды еліміздің ертеңіне зор ықпалы бар маңызды мәселе бойынша референдумға аудан халқының басым бөлігі қатысып, өз таңдауын жасады.

Ал, Осакаров ауданында 20 684 адам дауыс беру құқығына ие. Барлығы 41 референдум учаскесінде дауыс берген осакаровтықтар өз таңдауын жасады.

Ел ертеңіне енjarлық танытпады

Референдум өңірдің әр тұрғыны ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Мәселен, 6 қазанда шаңырақ көтеруді жоспарлаған Асылхан Төлегенов пен Сәбина Болотова таңдауларын жасағаннан кейін ғана неке киюға аттанды.

– Біздің дауысымыз Қазақстанның болашағына әсер етеді. Той күні жарты жыл бұрын белгіленген. Бұл – жақсы сәйкестік деп ойлаймын. Осы мәселеге қатысты бірқатар деректер оқыдым, Сәбина екеуіміз ақылдастық. Әр адам-



Суретті түсірген Ж.Әбдіқалиев

ның дауысы маңызды. «Бізсіз де өтеді» деуге болмайды, – дейді Асылхан Төлегенов.

Ал, Ұлы Отан соғысының ардагері, ғасырдан астам жасаған Осакаров ауданының тұрғыны Анна Котова елдегі өзгерістер Қазақстанның дамуына жаңа серпін беретінін, бейбіт заманда өмір сүріп жатқан жас ұрпақ үшін жасалып жатқан қадамдарды қолдайтынын айтты. Ол «Даңқты жауынгерлік жолы» 2 дәрежелі «Отан соғысы Орденімен», «Германияны жеңгені үшін», «Украинаның фашистік басқыншылардан босатылуына 60 жыл», «Санитарлық қызметтің үздігі» медальдарымен марапатталған.

Ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы болса, Қазақстан референдум өткізу арқылы жаһанға үлгі көрсетіп отырғанын айтты.

– Халықты естітін мемлекеттің болашағы жарқын. Халық қай кезеңде де өзіне керектіні ашық айта алуы тиіс. Осы саяси шешімнен көп үміт күтпеймін, – дейді ол.

Дауыс берушілер қатарында әлем чемпионы Максим Раков та бар. Ол референдумның ел болашағы үшін маңызы зор екенін айтты.

Облыстың қала, аудандары да дауыс беруде белсенділік танытып, 6-қазанды өзге күндерден



Суретті түсірген А.Маринов

ерекшеленгенін де көруге болады. Айтар болсақ, Бұқар жырау ауданында референдум күніне орай ауданның бірнеше елді мекендерінде жәрмеңке ұйымдастырылып, сауда да қызы түсті. Ал, Ғабиден Мұстафин кентінде дауыс берушілердің жүріп-тұруы үшін тегін автобус бағыты ойластырылған.

«Мерейлі отбасы-2024» Ұлттық байқауының жеңімпазы, балқаштық Халабаевтар отбасы референдум учаскесіне келіп, өз таңдауларын жасады. Ұлттық нақышта киім киген олар өздерімен бірге ең кішкентай отбасы мүшесін де ала келген. Ақ жалуықты әже болса, алтын алқасын да тастамапты.

Шет ауданының тұрғыны, қазақтың қабырғалы қаламгері, екі қоғамды басынан өткерген Өмір Кәріпұлы да ел үшін маңызды шешімнен қалыс қалған жоқ.



Сурет ашық деректен

– Тәртіпке бағынып, өз таңдауынды жасау – маңызды. 85 жасқа жасымда ел тағдырына байланысты референдумнан қалыс қалуы қаламадым. Ел мен жер аман болсын! – деді жазушы.

Қарағандыдағы №16 референдум учаскесінде ең соңғы болып, қала тұрғыны Инабат Арниева өз таңдауын жасағанын да айту керек. Учаскеге асыға жеткен ол әр азамат өз елінің болашағы үшін

дауыс беруі керек екенін айтады.

Тарихи сәтті ерекше есте қалдырғандар

Референдумға ерекше жауаптылықпен қарап, ел өміріндегі елеулі оқиғаға өздерінің көзқарастарын білдіріп, өзгелерден ерекшеленуге тырысқандар да бар.

Мәселен, Приозерек қаласының тұрғындары, өнегелі отбасы Абдрахим Дүйсенбаев пен Бимария Жамбылбайқызы референдумға ұлттық киіммен келді. 70-ке толған ардагерлер ел өміріндегі саяси оқиғалардан қалыс қалған емес.

– Халық – мемлекеттің басты қозғаушы күші. Ұлттық киім киіп, қазақтың дәстүрін ұлықтап жатырмыз. Аға ұрпақ кейінгілерге жол көрсетуіміз керек. Дауыс

түсіп жатқан кез. Қала ішінің тазалығына жауап беретін болған соң, ертемен жұмысқа кірістік. Жұмыс арасында саяси өмірге пікірімізді білдіруге құқылы болғандықтан таңдау жасауға келдік. Тұрғылықты мекеніміз қала маңында болса да, осы учаскеде дауыс беруге мүмкіндік берген жандарға алғысымыз шексіз, – деді «Тазалық Эксперт» ЖШС өкілі Сара Амилжанова.

Ал, «Chingizkhan mc» мотоклубының президенті Владимир Киммен бірге мотоклуб мүшелері де бірге келді. Ол осындай маңызды күні достарының жанына табылғанына қуанышты екенін де жасырмады.

Осы күні АЭС құрылысына қатысты өз таңдауын

беру процесі штаттық режимде өтіп жатқаны да көңілге сенім ұялатады, – деді Абдрахим Дүйсенбаев.

Ал, қала тазалығына жауапты «Тазалық Эксперт» ЖШС өкілдері де Қарағанды қаласындағы №15 учаскеге жұмыс көліктері – «КамАЗ»бен келіп, дауыс берді.

– Біз үшін мемлекет дамуы ең басты орында. Қаз айы болғандықтан, ағаштардың жапырағы

жасауға «Динозавр» да келді. Қарағандылықтарды ғана емес, қазақстандықтардың өзін таң қалдырған тұрғын Ернар дауыс беру құқығына алғаш рет ие болған екен. Айтулы күнді ерекше есінде қалдыру мақсатында ол референдум учаскесіне осылай келуге шешкен.

– Дауыс беру құқығыма ие болған соң көңілденіп, учаскеме ерекше болып барғым келді. Бастысы, учаскедегілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлағым келді. Өзім де бюллетенді алғаннан соң, таңдауымды жасайын деп, дауыс беретін аймаққа кіре алмай қойдым. Сөйтіп, тағы бір адам көмекке келіп, әйтеуір амалын тауып, кірдім. Халық риза болып, «бәрекелді!» десті. Еліміздің ертеңі үшін шешім қабылдауымыз керек. Ол үшін біріміздің дауысымыз маңызды. Референдум – елдің өз таңдауына берілген мүмкіндік, – дейді Ернар Рақышев.

Айта кету керек, референдумда дауыс беретін мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай жасалған. Әр учаскеде дауыс берушілердің бұл санаты үшін кіреберістерге пандустар орнатылып, ғимарат ішінде арнайы бұрыштар жасакталды.



Суретті түсірген Ә.Қамалұлы

• ТӨТЕНШЕ ОҚИҒА

Тілсіз жауды тізгіндеу қиынға соқты

Жексенбі, 6 қазан күні Қарқаралы ауданындағы Қоянды ауылының маңынан өрт шығып, бастапқыда 40 гектар жер жанғанымен, сол күнгі жел күшейіпті жіберген жалын 3 мың гектардан астам жерді шарпып үлгерді. Биыл қалың шығып, күз мезгілінде өлген құрғап-қурап тұрған дала шөбі бой бермей жанып жатыр. Өрттің салдарынан қазатқан, зардап шеккендер бар.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өрт шыққаны туралы хабар алысымен орман шаруашылығының, Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент бөлімдерінің қызметкерлері мен еріктілер оқиға орнына жедел жетті. Өрт сөндіру барысында ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметінің бірнеше қызметкері мен еріктілердің бірін күйік шалып, олар аудандық ауруханаға жеткізілді. Тағы бір зардап шеккен өрт сөндіруші тікұшақпен Қарағандыға жеткізілді.

Күшейген өрт екінің күнге ауғанда Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының аумағын да шарпыды. Өрт сөндіруге «Қазвиакұтқару» АҚ-ның тікұшақтары көмекке келді. Олар суды Шалқаркөледен алып, ондаған тонна су шашты. Бұл жұмыстар кейін де жалғасты.

Өрт ошағына жақын орналасқан Баянауыл ауданына қарасты Желтау ауылынан 18 адам қауіпсіз жерге көшірілді, оның сегізі – балалар.

Төтенше жағдайлар министрлігінің командалық орталығында осы төтенше жағдайға байланысты арнайы штаб құрылды. Өрт аумағына төтенше жағдайлар жөніндегі министрдің орынбасары Ерлан Нұрпейісов пен Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев келді.

Бастапқы деректерге сүйенсек, өрт кезінде азаматтық қорғаныс қызметінің сержанты, 1991 жылы туған Қайрат Хали қаза тапты. Оның әріптестері 1994 жылы туған С.Күмісбаев, 2000 жылы туған О.Әлімхан, 1996 жылы туған А.Серікбай да зардап шекті. Күйік шалып, зардап шеккендер шұғыл түрде емдеу орындарына жеткізілді.

Бейбіт күнде арыстай азаматтан айырылу елге де, азаматтың қарашаңырағына да оңай емес. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, оның орынбасары Әлібек Әлденей және Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов қаза тапқан өрт сөндірушінің жақындарына арнайы барып көңіл айтты. Марқұмның отбасына жерлеу іс-шараларын өткізуге барлық қажетті көмек көрсетіледі.

Даладағы тілсіз жаумен күрескен облыстағы Төтенше жағдайлар департаментінің, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, жергілікті атқарушы биліктің күштері жұмылдырылды. Екі облыстың өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамдарынан екі күнде алты жүзден астам адам, жүзден артық техника және төрт тікұшақ жұмыс істеді.

Соңғы деректерге сүйенсек, кеше түс пен кештің арасында дала өрті тіптен күшейіп, 21 мың гектар аумақты шарпыды.

Тым үлкен аумақты қамтыған өртпен күрес жұмыстары әлі де жалғасуда.

Қарқаралы ауданы

Ауданның әлеуеті артып келеді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс орталығынан екі жүз шақырымнан артық қашықтықта жатқан Қарқаралы ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы кейінгі жылдары едәуір ілгерілеген. Өткен жұмада ауданға арнайылап ат басын тіреген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мұндағы атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысып, жауапты қызметкерлермен кеңес өткізіп, тиісінше тапсырмалар берді.



Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралыда туризм саласын дамыту шараларының қолға алынуы өңір тіршілігіне тың серпін берді. Туристерді тарту үшін мұнда жаңа демалыс орындары ашылып, этнотуризм бағыты дамып жатыр. Биыл Қарқаралыда бөгет жағалауы абаттандырылып, коммуналдық жағажай ретке келтірілді.

Көпшілік серуеніне арналған жаңа алаң жасалды. Алдағы уақытта этноауыл мен жаңа туристік кешен жасау жоспарланған.

Қарқаралы ауданындағы ең өзекті мәселе – жол. Қарқаралы-Қарағанды тасжолы бірнеше жылдан бері біртіндеп жөнделу үстінде. Өңір басшысы трасаның жөнделген учаскелерін аралап, жұмыстардың барысын өз көзімен көрді. Былтыр Қарқаралы қаласынан Матақ ауылына дейінгі 62 шақырым, биыл

Матақтан Ащысуға дейінгі 53 шақырым аралықтар жөнделді. Төрт аялдама бекеті ауыстырылды. Жол бойындағы су өткізу құбырлары да қайта ретке келтіріліп жатыр.

– Жол бойында санитарлық-гигиеналық тораптар орнатпақшымыз, – дейді «Қазавтожол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов. – Жұмыстар аудан әкімдігімен бірлесіп жүргізілуде. Өзірге Қарқаралыға кіре берісте бір алаңды белгіледік, онда санитарлық тораптан бөлек сауда павильондары да болады. Жергілікті әкімдік коммуналдық желілерді тарту

жұмыстарын жүргізді. Облыс әкімі жол жөндеу сапасына және жол бойындағы аумақтың санитарлық жағдайына тұрақты бақылау жасауды міндеттеді.

– Аялдамаларды халыққа ыңғайлы жерлерге орнатыңыздар. Көліктер аялдайтын, адам көп келетін жерлерді абаттандыру қажет, – деді Е.Бөлекпаев.

Өңірдегі жағдай туралы мәлімдеген Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов та аудан көлеміндегі жолдар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Биыл Қарағанды – Аягөз – Бұғаз жолының 16,2 шақырымына орташа жөндеу жұ-

мыстары басталған. Бұл жолды жөндеу жұмыстары келесі жылы толық аяқталады. Облыстық маңызы бар 53 шақырымдық Қарқаралы – Ақжол – Қоянды тас жолын жөндеу жұмыстары аяқталды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша енді Жарлы, Тегісшілік, Аппаз елді мекендеріндегі ауылшілік жолдар жөнделеді.

Ал, Қарқаралы қаласында Токтар Әубәкіров атындағы орталық көшенің бойын жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс сапарының барысында облыс басшысына Жарлы-Қарқаралы топтық су құбырының құрылысы туралы баяндалды. Бұл нысан іске қосылған соң қаладағы су тапшылығы проблемасы толығымен шешілмек. Қазіргі уақытта қырық шақырымдық су құбырын тарту жұмыстары аяқталған. Енді қала ішіндегі желілерді жаңарту қажет. Су құбыры алдағы жылы іске қосылады.

Аудандағы Қарағайлы, Матақ, Теректі, Бүркітті, Томар елді мекендерінде де ауызсу құбырлары тартылуда. Тоғыз ауылда блоктық-модульдік сорғы станциялары орнатылды.

Сапар соңында облыс әкімі Қарқаралыдағы М.Әдекенов атындағы колледжде болып, ауыл шаруашылығына қажетті мамандар даярлайтын оқу орнының жағдайымен танысты.

Қарқаралы ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ұстаздар қауымына құрмет

Қарқаралыда ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтау салтанаты Ш.Жандарбекова атындағы мәдени-сауық орталығында өтті. Жиында аудан әкімі Әділжан Арғыновтың білім беру саласының қызметкерлеріне игі лебізін жеткізіп, мамандардың біркатарын елеулі еңбегі мен шығармашылық үлестері үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапаттады.



Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ал, Р.Молдақашева атындағы №17 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Сәуле Кәріпті білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі мен педагогикалық қызметтегі шығармашылық табыстары үшін «Бәтеш Шор» қорының төрағасы Бақтыбай Жүнісов қордың Құрмет грамотасымен марапаттап, 300 мың теңге сыйақы табыс етті.

Ұстаздар қауымын Қарқаралы аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Сайлау Әлиұлы мен аудандық білім бөлімінің басшысы Абылай Жәлелов те арнайы құттықтады. Абылай Армияұлы республикалық «Үздік педагог – 2024» байқауының аудандық кезеңінің жеңімпазы, О.Жәутіков атындағы №1 ЖББМ мұғалімі А.Әменованы және облыстық «Жылдың үздік мұғалімі – 2024» байқауының аудандық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады. Кейінгі байқауда жүлделі ІІІ орынды №20 мектептің биология және химия пәні мұғалімі А.Мұқанова, ІІ орынды №30 мектептің ағылшын

тілі пәні мұғалімі Г.Куанышбекова, І орынды №21 мектептің математика пәнінің мұғалімі А.Қақтаева, Бас жүлдені №22 мектептің математика пәнінің мұғалімі Ж.Құлжаева иеленіп, оларға ақшалай сыйақылар мен естелік сыйлықтар табысталады.

Қарқаралы ауданының білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Азамат Секербайұлы бірнеше педагогты Қазақстандық салалық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподағының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапаттады.

Аудан өнерпаздары мен өнер ұжымдары ән мен жырдан шашу шашып, мерекелік кештің шырайын келтірді.

Ұстаздарымыздың мерейі арта берсін!

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген
Т.ХАМИТОВ



Жастар жанашырлығы

Қарағандының орталық саябағында «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» атты экологиялық акция өтті. Бұл акция да «Таза Қазақстан» аясында ұйымдастырылды. Игі шараға жүзден астам ерікті қатысты. Қатарға тұрғындар да қосылған.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция аясында 1000 қап қоқыс жиналды. Ал, «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны басталғалы 20 тонна қоқыс жиналған. Бұл жолы шаһардың бойтұмарындай саябақтың ішіндегі шашылған жапырақтар жиналып,

ойын алаңдары, жаяу жүргіншілердің жолдары сыпырылды. Жапырақтан гөрі ұсақ-гүйек тұрмыстық қалдықтарға баса мән берілді.

Акцияның басты мақсаты – саябақтың қоқыстан тазартылып, қарағандылықтарға үлгі көрсету. Мұндай шаралар жас буын ара-

сында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға оң әсерін тигізетінін айтады ұйымдастырушылар.

Қатысушылар қоқыс жинаумен ғана шектеліп қалған жоқ. Олар сурет салудан арнайы мамандар ұйымдастырған ҚАР-АРТ жобасы аясындағы шеберлік

сағаттарына қатысты. Қоршаған орта, Табиғат ана – суретке арқау болған тақырыптар. Әр суретші өзінің қылқаламмен қарағандылықтарға үн қатты.

– Осы акцияларға жастарды тарту – біз үшін басымдық болып табылады. Өскекең ұрпақ табиғатымызды сақтаудың маңыздылығын бағалау және білуі маңызды. Осындай ниетпен мен мектеп оқушыларын шақыруды шештім. Менің ойымша, біз бұл тапсырманы өте жақсы орындадық. Көңіліміз көтеріңкі. Ауа райы да жадырап тұр, – деп

атап өтті демалыс мәдениет саябақтары мен скверлерді басқару коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Талғат Байтохин.

Қала жастарын игілікті істің басына тоқайластырған Қарағанды жастар ресурстық орталығының директоры Яқуб Джамалов орталық жұмысының маңыздылығына тоқталды.

– Орталықтың атқаратын міндеті көп. Қаладағы белсенді, талантты, қоршаған ортасына жанашырлықпен қарайтын жастар осында бас қосады. Міне, бүгін



Суреттер автордан

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

«Таза Қазақстан»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

